

"Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларын белгілеу туралы"

Күшін жойған

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 12-2175 қаулысы. Алматы облысы Іле ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 қаңтарда № 2-10-107 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 ақпандағы N 1-241 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2012.02.24 N 1-241 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітіруші жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру және олардың тәжірибе жинақтау, білім, әдет-дағдыларын үйрену мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Жастар тәжірибесін" ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларының Тәртібі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Жастар тәжірибесін" Іле аудан жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Мемлекеттік Мекемесі (Нұрлан Орынбасарұлы Құматаев) ұйымдастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Файль Виктор Александровичке жүктелсін

4. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Н.Логутов		
Іле ауданы әкімдігінің	2009 жылғы		
29 желтоқсандағы	№		12-2175
"Жұмыссыздықтан			әлеуметтік
қорғаудың	қосымша		шараларын
белгілеу	туралы"		қаулысына
қосымша			

Іле ауданында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларының ТӘРТІБІ

Іле ауданында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғаудың қосымша шаралары Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабына сәйкес жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шаралары) бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітіруші жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту және олардың тәжірибе жинақтауы, білім, әдет-дағдыларын алу мақсатында әзірленген.

1. Жалпы тәртібі

1. Осы тәртіпте мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

а) уәкілетті орган - Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Мемлекеттік Мекемесі болып саналады;

б) "Жастар тәжірибесі"- бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітірген 18 бен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастармен жұмыс жүргізуді білдіреді ;

в) Жұмыс беруші- "Жастар тәжірибесін" ұйымдастырып өткізетін кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар болып табылады.

2. Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғаудың қосымша шаралары уәкілетті органның "Жастар тәжірибесін" ұйымдастырып өткізуі болып табылады.

3. "Жастар тәжірибесі" Іле ауданының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында ұйымдастырылып өткізіледі.

2. Жастар тәжірибесін ұйымдастыру

4. Уәкілетті орган қаржылық-экономикалық жағынан тұрақты, болашақта даму, өндірісін кеңейту перспективалары, қабылдау мүмкіндіктері бар кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдармен "Жастар тәжірибесін" өткізу жайлы жұмыс жүргізеді. "Жастар тәжірибесін" ұйымдастырудың және өткізудің шарттары туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат таратады. Жоғарыда аталған жұмыстың нәтижелері бойынша кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдарға қатысу жөнінде ұсыныс білдіріп, хабарлама жібереді. Ұйымның басшысы "Жастар тәжірибесін" өткізу немесе қатысудан бас тартқандығы туралы жауап береді. Жауап бермеу "Жастар тәжірибесіне" қатысудан бас тарту болып есептелінеді .

5. Уәкілетті орган үш күн ішінде тілек білдірген ұйымдармен "Жастар тәжірибесін" өткізу туралы келісім жасайды.

6. Уәкілетті орган "Жастар тәжірибесіне" қатысу үшін жұмыссыз жастарға іріктеу жүргізеді. Үміткерлерді іріктеу кезінде келесі өлшемдер ескеріледі:

- 1) үміткерлердің жұмыссыз ретінде уәкілетті органда тіркелуі;
- 2) үміткерлердің кәсіптік білімі болуы;
- 3) "Жастар тәжірибесіне" жіберу кезінде оларға уәкілетті органның мәліметі бойынша лайықты жұмыстың болмауы.

7. Жұмыссыздардың "Жастар тәжірибесіне" қатысуына 12 айлық кезеңде 6 айға дейін бір рет рұқсат беріледі.

8. Жұмыссыз азаматтар Уәкілетті органның шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) бойынша жергілікті атқарушы органдарға, Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына немесе сотқа шағымдануға құқылы.

9. Уәкілетті орган "Жастар тәжірибесін" жергілікті атқару органдарымен және жастарды жұмысқа орналастыруға мүдделі басқа ұйымдармен бірлесе отырып ұйымдастырады.

10. Жұмыссыздарды "Жастар тәжірибесіне" алға келісім берген жұмыс беруші жұмыссыз жастарды қабылдайды және олардың мамандығына (кәсібіне) сәйкес кәсіби білім, білік, дағдыларын үйретуді қамтамасыз ету туралы міндеттеме алады. Жұмыссыздармен алты айдан аспайтын мерзімге еңбек шартын бекітеді және еңбек шартына еңбек ақы төлеу бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылатындығы туралы норма енгізеді. Еңбек шарты Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жасалады, онда жастар тәжірибесіне қатысушы мен жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері көрсетілуі керек.

11. Уәкілетті орган жұмыссыз азаматты бекітілген нысандағы жолдамамен жұмыс берушіге жібереді.

12. Жұмыссыздарды "Жастар тәжірибесіне" алу туралы шешімдегі Жұмыс беруші қабылдайды. Жұмыс беруші жолдаманың жыртпалы талонын толтырып, Уәкілетті органға қайтарады.

13. Жұмыссыздарды "Жастар тәжірибесіне" алу туралы шешім қабылдау кезінде жұмыс беруші жұмыссызды алты айдан аспайтын мерзімге "Жастар тәжірибесіне" қабылдау туралы бұйрық шығарады. Жұмыс беруші "Жастар тәжірибесіне" қатысушыға білікті маман - тәлімгер бекітеді. Жұмыссыз еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезінде еңбек заңдарына сәйкес барлық құқықтарға ие болады және міндеттеме алады.

14. Жұмыссыздарды "Жастар тәжірибесіне" қабылдаған күннен бастап үш күн ішінде, Жұмыс беруші Уәкілетті органға тәжірибеге қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді және әр айдың 25-не дейін олардың жұмыс уақытын есепке алу табелін ұсынады.

15. "Жастар тәжірибесіне" қатысушы еңбек заңын бұзған жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес шартты бұзуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

16. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыссызбен шарт бұзылған кезде, ол қабылдаған шешім туралы 3 күн ішінде Уәкілетті органға хабарлайды. Жұмыссыз азамат тәжірибені тоқтату туралы шешім қабылдай алады. Бұл туралы Жұмыс берушіге және Уәкілетті органға 3 күннің ішінде хабарлайды.

17. Шарттың мерзімі өткеннен кейін Жұмыс беруші уәкілетті органға азаматты жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың немесе тәжірибенің аяқталғаны туралы бұйрықтың көшірмесін оның практикадан өтуі туралы сын пікірімен (ұ с ы н ы с) қ о с а ж о л д а й д ы .

18. Жұмыс берушінің шешімі бойынша жұмыссыз азамат "Жастар тәжірибесінің" мерзімі аяқталмай тұрып тұрақты жұмысқа орналастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда Жұмыс беруші Уәкілетті органға "Жастар тәжірибесіне" қатысушыны жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді.

3. Жастар практикасын қаржыландыру

19. "Жастар тәжірибесін" қаржыландыру бюджет қаржысы есебінен " Жұмыспен қамту бағдарламасының" 002 бағдарламасы бойынша " Республикалық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге ағымдағы мақсатты трансферттерінің" 103 кіші бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

20. "Жастар тәжірибесіне" қатысушыларға Уәкілетті орган нақты жұмыс атқарған уақыты үшін айына 20 мың теңгеден аспайтын мөлшерде ақы төлейді.

21. "Жастар тәжірибесіне" қатысушылардың еңбекақысын төлеуді Уәкілетті орган олардың жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.